

2015 жылғы субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдерін және басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 244 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 шілдеде № 5757 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және басым ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басым ауыл шаруашылығы дақылдарының ұсынылатын оңтайлы себу мерзімдері туралы 2015 жылғы 26 мамырдағы № 1-137 хаты негізінде Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тізімге қосу үшін өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдері - 2015 жылғы 21 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін а й қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері а й қ ы н д а л с ы н .

3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.У. Тальтековке жүктелсін .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 25 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Ж і т і қ а р а

ауданының әкімі

М. Утешов

**2015 жылға арналған субсидияланатын
басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір
түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері**

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері	Оңтайлы себу мерзімдері
1	Жаздық бидай	15 мамырдан бастап 12 маусымға дейін
2	Жаздық қатты бидай	18 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
3	Сұлы, арпа	15 мамырдан бастап 15 маусымға дейін
4	Тары, қарақұмық	20 мамырдан бастап 15 маусымға дейін
5	Бұршақтұқымдас дақылдар	15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін
6	Күнбағыс	10 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
7	Мақсары	10 мамырдан бастап 02 маусымға дейін
8	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	бірінші мерзім - 01 мамырдан бастап 10 маусымға дейін, екінші мерзім - 05 шілдеден бастап 31 тамызға дейін
9	Көкөністер	25 сәуірден бастап 15 маусымға дейін
10	Картоп	05 мамырдан бастап 10 маусымға дейін